

ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ

Мемлекеттік тілді дамыту басқармасы

«Тест тапсырмаларын қалыптастыруды ұйымдастыру» ғылыми-әдістемелік зертханасы

2015 жылы ҚАЗТЕСТ тапсырмаларының сапасын арттыру шаралары тәжірибемен ұштасып отырды. Тест тапсырмаларын әзірлеудің талаптарын анықтаушы нормативті құжаттарды жыл басынан тағы да бір пысықтап, ғалымдармен ақылдасып, әр тапсырманың стратегиясын нақтылап тапсырма әзірлеуші ғалымдар топтастырылды. Тест тапсырмасының әзірлемешілері ретінде еліміздегі ЖОО-ның профессор-оқытушы құрамынан сұрыптап, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі бойынша ерекше жетістіктерге жеткен ғалымдар таңдалады. Жыл сайын екі рет Астана қаласында тест тапсырмаларының әзірлемешілері мен сарапшыларының 3 күндік немесе 5 күндік біліктілік арттыру семинарлары ұйымдастырылады. Семинарларды шетелдік сарапшылар мен отандық ғалымдар бірлесіп өткізеді.

Әзірлемешілердің жұмыстары бірнеше рет тәуелсіз сараптамаға жіберіледі. Нұсқа қалыптастырылып, байқау сынақтары өткізіледі. Әр байқау сынағынан соң нәтижелерді өңдеу арқылы тапсырмалардың өз мақсаттарына лайықтылығы сараланады. Төрт сөйлеу әрекеті – Тыңдалым, Оқылым, Жазылым және Лексика-грамматикалық бөлік бойынша нақтырақ тоқталайық.

Тыңдалым бөлігі:

Тыңдалым бөлігі аудиомәтін және тест тапсырмасынан тұрады. Тест тапсырмалары аудиомәтін дыбысталғаннан кейін орындалады. Аудиомәтіндер:

- күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттар;
- әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери, ғылыми, саяси жағдайлардағы диалогтер;
- әртүрлі ақпарат көздерінен бейімделіп (деңгейге сәйкес қазақ тілін меңгерудің лексикалық минимумына сүйене отырып) алынған сұхбаттар.

2015 жылы 822 мәтін арнайы дыбысжазба студиясында жазылды. Диалогтердің дыбысталуы шынайы өмірде орын алатын жағдаяттарға сәйкес болуы үшін театр және кино әртістері, кәсіби дикторлар жұмысқа тартылады.


Қазақстан Республикасында ересек тұрғындардың қазақ тілін меңгеру талаптарын анықтайтын стандарттарға сәйкес тіл үйренуші қарапайым, базалық деңгейлерде баяу, анық айтылған ақпаратты түсінеді. Сондықтан алғашқы деңгейлерде мәтін дауыс ырғағын,



қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларын сақтай отырып, *баяу, анық* оқылады. Бұл тілді екінші тіл немесе шетел тілі ретінде үйренуші тұлғаға тиімді әдіс.

Орта, ортадан жоғары, жоғары деңгейлерде мәтіндер күнделікті өмірде қолданылуы бойынша жазылады.

Жыл сайын ҚАЗТЕСТ тапсырмалар қоры толықтырылып отырады. Өткен жылы Тыңдалым бөлігі бойынша 4200 жаңа тест тапсырмасы әзірленді.



Сараптама қорытындысы төмендегі диаграмма арқылы көрсетілген.

Сараптамадан өткен тест тапсырмалары түрлі сала қызметкерлері арасында байқау сынағынан өткізіледі. ҚАЗТЕСТ сертификаты әрбір бөлік бойынша 60%-дан кем емес дұрыс жауап берген жағдайда берілетіні

белгілі. Мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкері тапсырған байқау сынағының нәтижесінде тестіленушілердің 53%-ы Тыңдалым бөлігі бойынша 60 пайыздан жоғары көрсеткішке ие болды.


Оқылым бөлігі:

Оқылым бөлігінің тест тапсырмалары мәтіндер арқылы жүзеге асырылады. Мәтіндер хабарлау, баяндау, сипаттау түрінде беріліп, түрлі тақырыптарды қамтиды.

Жалпы жоспар бойынша 2015 жылдың 1-2 жартыжылдығында 4000 тапсырмаға тапсырыс беріліп, екі рет сараптамадан өткізілді.

№	2015 жыл Оқылым бөлігі бойынша	Тапсырысқа берілген тест тапсырмасы
1.	I жартыжылдық	2000
2.	II жартыжылдық	2000
Барлығы		4000

Жалпы сарапшылардың сараптамалық қорытындысы бойынша Ұсынылған тест тапсырмасы – 1974, Түзетіліп ұсынылған – 2006, жойылған тест тапсырма саны – 20 құрады.



Сарапшылар сараптамалық қорытынды есептерінде әзірлемешілердің мәтіндерді іріктеуі табысты құрастырылғанын, қызықты, тартымды, танымдық сипатқа ие, тілдік және грамматикалық нормалары мейілінше сақталғандығын, тапсырма ұсынуда, дистракторлар ұсынып-әзірлеуде озық әдістемелерді қолдана білгендігін айтады. Бірақ, жетілдіретін тұстары бар екендігін де айтады:

- мәтіннің лексикалық минимумға сәйкес келуін;
- стилистика, тыныс белгі заңдылықтарының сақталуын;
- кейбір тест тапсырмалардың мазмұны жағынан бір-бірін қайталайтынын;
- спецификацияға өзгерістер енгізуді ұсынды.

Жазылым бөлігі:

2015 жылы жазылым бөлігі бойынша бес мыңнан астам жазылым жұмыстары тексерілді. Ұсынылған тест тапсырмаларының жалпы санына 60% дұрыс жауап нәтижесін (тыңдалым бөлігі – 18 балл, лексика грамматика бөлігі – 42 балл, оқылым бөлігі – 30 балл, жазылым бөлігі – 30 балл) яғни 120 балл жинаған тіл үйренуші сол деңгейде тілді меңгерген деп есептеледі. 5780 тестіленушінің ішінде 0-119 балл алғаны – 686, 120-200 балл алғаны – 5094 адам болды.

Деңгейі	Тапсырма түрі	Тестіленушілер саны	
		Өтініш бергендері	Сертификат алғандары
A1	Диктант	646	355
A2	Диктант	1847	1208
B1	Мазмұндама	1611	855
B2	Мазмұндама	1163	768
C1	Эссе	513	169
Барлығы:		5780	3355

Тапсырғандардың ішінде 3355 тестіленуші жазылым тапсырмаларын талапқа сай орындап, сертификатқа ие болды. Бұл көрсеткіш жазылым бөлігінен де тестіленушінің тілді өз деңгейінде білетіндігін көрсетеді.

ҚАЗТЕСТ жүйесінің А1-А2 деңгейлеріндегі жазылым тапсырмаларының (диктант), В1-В2 деңгейлердегі мазмұндамалардың орта мектепте ұсынылатын диктанттан, мазмұндамадан айырмашылығы:

- аудиомәтін аудио құрылғының көмегімен дыбысталады;
- мәтін мазмұны бойынша тапсырмалар (3-6 тапсырма) беріледі;
- уақыт шектеулі;
- бағалау балдық жүйемен есептеледі.

С1 деңгейінде эссе ұсынылады. Эссе тақырыбына арнайы білімді талап етпейтін күнделікті қарым-қатынас үшін өзекті әлеуметтік-мәдени, ғылыми, ресми-іскери және оқу саласына қатысты мәтіндер беріледі. Мұндай тақырыптарды кез келген мамандық иесі кең түрде жаза алады.

Тестіленушілердің арасында мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік емес мекеме қызметкерлерінің сандық көрсеткіші жоғары болды, ол төмендегі кестеде көрсетілген:

Әлеуметтік топтар	Саны
<i>01 – Оқушылар</i>	36
<i>02 – Колледж оқушылары</i>	-
<i>03 – Студенттер</i>	4
<i>04 – Халықаралық бағдарламалар мен тағылымдамалар үміткерлері</i>	271
<i>05 – Мемлекеттік қызметшілер</i>	2578
<i>06 – Бюджеттік сала қызметкерлері</i>	745
<i>07 – Мемлекеттік емес мекеме қызметкерлері</i>	2015
<i>08 – Жеке азаматтар</i>	89
<i>09 – Шетел азаматтары</i>	-
<i>10 – Әскери сала қызметкерлері</i>	42
<i>11 – Магистранттар</i>	-

Жазба жұмыстарының бағалау критерийлерін ҚАЗТЕСТ сарапшылары әзірлеген. Нормативтік құжаттар жыл сайын жетілдіріліп отырады. Жазба жұмыстарын тексеру кезінде жанама факторлар мүлдем азайтылған. ҚАЗТЕСТ осы сұрақтар бойынша мамандарға кеңес бере алады.

Лексика-грамматика бөлігі:

Азаматтардың қазақ тілін білу деңгейін бағалау ҚАЗТЕСТ жүйесінің бір бөлігі – лексика-грамматикалық құрылым. Бөлік бойынша әр деңгейге 70 тапсырма беріледі. Тестті орындау уақыты – 65 минут. Тапсырмалардың қиындық деңгейлері А, В, С болып, үшке бөлінеді. Мысалы үшін қарапайым деңгейдегі 70 тапсырманың алғашқы 14 тапсырмасы (А) 20%-ға жеңіл, 35 тапсырма (В) 50%-ға орташа, 21 тапсырма (С) 30%-ға күрделі болып құрылады.

Лексика-грамматика бөлігіндегі әрбір тапсырма белгілі бір мақсатқа лайықты етіп әзірленеді. Яғни, әр деңгейдің миссиясы, сипаты бар. Тест тапсырмалары жеңілден күрделіге қарай құрылуы тиіс.

Тест тапсырмасы мазмұны жағынан заманауи, өзекті, мәдени-танымдық бағытта болуы керек.

Тест тапсырмаларының дистракторлары тіл меңгеруге септігін тигізе алатын мазмұнды сөздерден, сөз тіркестерінен, ақпараттардан тұруы тиіс.

Жалпы жылдық жоспар бойынша 2015 жылдың I, II жартыжылдығына **6 300** тапсырмаға тапсырыс беріліп, әрбір жартыжылдықта екі рет тәуелсіз сараптамадан өткізілді.



Аталған бөлік мынадай пайыздық көрсеткіштерге ие болды. «Ұ» грифіндегі тапсырманың көрсеткіші – 64%, «Т/Ұ» грифі – 35%, «Ж» грифі – 1%. Байқап отырғандарыңыздай, тест тапсырмаларының басым бөлігі ұсынылған және түзетіп ұсынылған. Бұл тест тапсырмалары сапасының жоғары екенін білдіреді.